

ХАТТАМА №9

19.08.2026 жыл
14.00 мин.

Талдықорған қаласы

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасы» комплаенс-офицері С.Аргынгазинова Аурухананың әкімшілік бөлігінің және медицина қызметкерлерінің қатысуымен жиын өткізді.

Тақырып: «2025 жыл және 2026 жылдың 1 тоқсанында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды алдын алуға бағытталған жұмыс қорытындысы».

Құрметті әріптестер мен медицина саласының қызметкерлері!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының маңызды стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады.

Бұл бағытта Ауруханамен және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен бірлесіп, сыбайлас жемқорлық бойынша жүйелі жұмыс атқарылады.

Атқарылған жұмыстар жайлы:

Аурухананың қызметкерлеріне қатысты жемқорлық әрекеті деген негіздермен 2025 жылы науқастан бір арзыз түсті.

Ататп айтқанда, науқас «Р.» 25 тамыз 2025 жылы травматолог дәрігер «А.» жасау үшін 100 000 тенге ақша талап етті деп арызданды. Қызметтік тексеру жүргізіліп, құжаттар заңды шешеім қабылдау үшін Талдықорған қалалық полиция Басқармасына жолданды. Тексеру нәтижесімен дәлел жоқ деген негіздермен құжаттар қараусыз қалдырылды.

2025 жыл және 2026 жылдың 1 тоқсан аралығына сыбайлас жемқорлық тәуекелдіктеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау барасында жалақыны негізсіз 8 қызметкерге артық төлеу деректері анықтады. Оның 6 тексеруден кейін өз еріктерімен артық төлемді қайтады, 2 қызметкерге қатысты құжаттар талап арызбен сотқа жолданып, қазіргі уақытта соттын шешімі негізінде қайтарылды.

Аталған деректермен қызметтік тексерулер жүргізіліп, тексеру нәтижесі тәртіптік кеңесте қаралып, бөлім аға медбикелері жұмыс табелдерінде қате жібергендері және кадр бөлімінің бастығы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

2024–2025 жылдарға арналған патологиялық-анатомиялық қызметтерін көрсету және оларға ақы төлеу мәселесіне қатысты мынадай жағдай анықталды: «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» (ӘМСҚ) КеАҚ

Жетісу облысы бойынша филиалы мен аталған қызметтерді көрсететін медициналық ұйымдар арасында Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) шеңберінде жасалған медициналық қызметтерді сатып алу шарттары бойынша Қор тарапынан төлемдер толық көлемде жүргізілген.

Алайда, аурухананың Экономикалық жоспарлау және талдау бөлімі осы патологиялық-анатомиялық қызметтері үшін жалпы сомасы **27 333 670,64** теңгені құрайтын шот-фактураларды қате түрде облыстағы мына медициналық ұйымдарға жазып берген:

1. «Көпсалалы облыстық балалар ауруханасы» 4 637 050,29 теңге;
2. «Облыстық перинаталдық орталық» 18 351 773,38 теңге
3. «Фтизиопульмонология орталығы» (1 187 338,82 теңге
4. «Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы» 613 460,08 теңге
5. «Ескелді орталық аудандық ауруханасы» 1 323 516,89 теңге
6. «Қаратал орталық аудандық ауруханасы»: 123 543,88 теңге
7. Кербұлақ орталық аудандық ауруханасы 366 372,32 теңге болатын 3 мәйіт жару қызметі;
8. Сарқан орталық аудандық ауруханасы 123 543,88 теңге болатын 1 мәйіт жару қызметі;
9. Алакөл орталық аудандық ауруханасы 242 828,44 теңге;
10. Көксу орталық аудандық ауруханасы 242 828,44 теңге;
11. Облыстық кардиологиялық орталық 121 414,22 теңге.

Қазіргі таңда, аталған **27 333 670,64** теңге жылдың аяғында ауруханаларға қайтарылатыны жоспарлануда.

Экономикалық жоспарлау және талдау бөлімінің қызметкері Г.Сарсебаевқа қатаң сөгіс тәртіптік жазасы жарияланды.

Сонымен қатар, Аурухананың қаржылық және операциялық қызметінде, атап айтқанда, материалдық активтердің (жиһаз, кілем жабындары, электр құрылғылары, маңызды медициналық жабдықтар және компьютерлік техника) болуы мен сақталуына қатысты бірқатар бұзушылықтар анықталды.

Атап айтқанда, 13.01.2026 жылы негізгі құралдар мен материалдық активтерді түгендеу кезінде негізгі құралдардың жетіспеушілігі анықталды; олардың қалдық құны **2 402 447,97** теңгені, ал бастапқы құны **36 571 429,24** теңгені құрайды.

Жиналған құжаттар Жетісу облыстық прокуратурасына жолданды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы трансформация және істерді жүргізу кезіндегі парасаттылық басым стандартқа айналуы тиіс.

Комплаенс офицер:

С.А. Аргынгазинова